

РУСТЕМОВ АБСЕНТ
ТРИЖАНОВИЧ

БАЛАЛАР ӘДЭБИЯТИ



82.814.
Р.94.

ОЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСИ
ЖОҚАРҒЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИНОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ

ШЫҒРЫШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ

-14064/96-

РУСТЕМОВ АБСЕНТ ТРИЖАНОВИЧ

“БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ”
(оқу қолданба)

ОЗБЕКISTON RESPUBLIKASI OLIY TALIM,
FAN VA INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI
CHIRCHIQ DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI
AXBOROT RESURS MARKAZI
2-FILIALI

ШЫҒРЫШЫҚ – 2023
«City of books»
OZBEKISTON RESPUBLIKASI OLIY TALIM,
FAN VA INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI
CHIRCHIQ DAVLAT PEDAGOGIKA UNIVERSITETI
AXBOROT RESURS MARKAZI

УДК 821-93:811.512.122

ББК 83.3

P-92

Рустемов А.Т. / Балалар әдебиеті / Оқу қолданба – Шыршық «City of book», 2023. - 260 бет

Аннотация

Оқу қолданба «Балалар әдебиеті» пәнін жетік меңгеру үшін негізделген. Оқу қолданбада балалар әдебиетінің түрлі кездері жәйіттері көрініс тапқан. «Балалар әдебиеті» пәні - жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті, бастауыш білім бағыттарында өтілетін теориялық пән. Оқу қолданба студенттерді балалар әдебиетінің қыр-сырымен таныстыру мақсатына орай жазылған.

Балалар әдебиеті – ертеден келе жатқан ұлттық тәрбиенің негізі болып саналады. Балалар әдебиеті арқылы біз жас ұрпақты ауызбіршілікке, жастар арасындағы татулыққа жетелей аламыз.

Оқу қолданба жоғары оқу орындарының 5111700 – Бастауыш білім мамандықтарына арналған.

Пікір білдірушілер:

Қ.А.Мамбеталиев - ШМПУ-дің «Бастауыш білім теориясы» кафедрасы оқытушысы

Ш.Б.Булекбаева - Науан мемлекеттік педагогика университеті «Орыс және қазақ филологиясы» факультеті ата оқытушысы

Оқу қолданба Өзбекстан Республикасы Жоғары білім, пән және инновация министрлігінің 2023-жыл 27-наурызтағы 68-санды бұйрығымен бастаға ұсынылған және **Оқу қолданбаның баста куәлігіне** негізделіп Өзбекстан Республикасының Уәзірлер Кеңесі тарапынан лицензия берілген бастауларда басыл шығаруға рұқсат берілген.

ISBN 978-9910-9952-4-8

© Рустемов А.Т., 2023
© «City of book», 2023

КІРІСПЕ

Балалар әдебиеті әдебиеттің өз алдына жеке дара саласы болғандықтан, бұл саланың өзіне тән ерекшелігі, тілі мен өзіндік бағыт-бағдары бар. Яғни, балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің бір арнасы. Оның да өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиеттік мұралармен бірге дамып келе, соңынан өз алдына дараланып, өз ерекшеліктерімен таныла бастайды. Балалар әдебиетінің басты ерекшелігі – тақырыбында, екіншіден, бала тіліне лайық көркемдігіде, үшіншіден, тәрбиелік-танымдық, дидактикалық ұланықтылығында, төртіншіден, балаға тән нәзік қажет. Баланың қажеттілігінен, сұранысынан, талабынан шығу үшін оларға тән қылық, мінез керек. Ол үшін көркем шығарма шынайы, табиғи суреттелуі керек. Осыз баланы алдау мүмкін емес. Бірақ ол шындық қоғам дамуына сай өзгеріп, уақыт талабына шығып отыра нұр үстіне нұр болады.

Өтпелі кезең өзгерістеріне орай халыққа білім беру жүйесі де, реформалануда. Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелу мазмұнын жанарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып бара жатыр. Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуе қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Миромоновичтің «Кітап оқып, өз бетімен жұмыс істеген адамның қанаты болады. Ол бейжай қалмайды. Оның күші – білімінде. Сондықтан ол ешкімді ұнатпайды. «Үлкендерге» жағымпазданбайды. Оның білімі бар, ілімі бар. Кітап оқу деңгейіміздің себебі осы. Егер сіз кітап оқысаңыз, сұрақ қоюды білесіз» - деп айтқан сөзінде үлкен мағына жатыр. Осы сөзден келіп шығып біз жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Жасөспірімді дұрыс бағытта сілтеп, сол үшін ат салысатынынның бірі - балалар әдебиеті. Балалар әдебиеті - жас буының сана-сезімін оятып, ақыл дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір оқулығы. Оның мақсаты - мектеп жасына дейінгі үш жасар баланы бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жаныланған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды беру. Осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге талпынтатын. Оның келешегіне жол ашады, бағыт сілтейді. Өмірге жанасымды, икемді, төзімді күрескер етеді.

Соның үшін де жастар арасында ауызбіршілік пен татулықты нығайту үшін оларды көркем шығармалар оқуға баулуымыз керек. Болашақ ұрпақта жашын адамзатқа деген құрмет сезімін оята алсақ біз әрине мақсатымызға жеткен боламыз.

1-тақырып. Балалар әдебиеті жайлы жалпы түсінік

Жоспар:

1. Балалар әдебиетінің өсу өркендеу жолдары.
2. Балалар әдебиетінің салаларға жіктелуі.
3. Балалар әдебиетінің басты ерекшеліктері.

Тірек ұғымдар: Балалар әдебиеті, жіктелу салалары, демократ, реалист, балалар жазушысы.

1. Балалар әдебиетінің өсу өркендеу жолдары.

Кезінде балалар әдебиетінің қалыптасуына, дами түсуіне Коммунистік партия мен кеңес үкіметі тұсында да қамқорлық жасағандығын жоққа шығаруға болмайды.

Әрине, кеңестік әдебиет кеңес шындығын типтік образдар арқылы көрсету міндеттерін үнемі алға қойып отырғаны аян. Балалар әдебиетінің мектеп өмірімен, политехникалық оқумен байланысын, тәрбиелік мәнін күшейту еш уақытта назардан тыс қалып көрмеген. Осы мәселелер КІПСС-тің ХХІ, ХХІІ, ХХІІІ, ХХІV съездерінің тарихи қарарларынан көрінеді.

Ресейде балаларға арналған әдебиет өз алдына дараланып ХVІ-ХVІІ ғасырларда таныла бастаған. Орыс халқының алдыңғы қатардағы жазушылары мен әдебиет қайраткерлері бала тәрбиесіне үлкен мән бере отырып, балалар әдебиетін жасауға атсалысқан еді. Бұл орайда Жуковский мен Одовскийдің, Белинский мен Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Лев Толстой мен Чеховтың, Некрасов пен Мамин Сибиряктің, Горький мен Маяковскийдің есімдері ерекше аталады.

Үлкен әдебиет үлкен теорияны тудырады. Осындай алдыңғы қатардағы балалар әдебиеті теориясының негізін салған ұлы орыс халқының революционер демократтары В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов болды. Олардың балалар әдебиетіне қойған ең үлкен талаптары Отаны, халқы алдында қызмет ететін болашақ ұрпақтарды тәрбиелеу мәселесі еді.

В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов балалар әдебиетінің реалистік демократтық бағытта дамуына жол ашып берді: «Балалар кітаптарының мақсаты – балаларды белгілі бір іспен шұғылдандыру емес, оларды бұзық әдеттерден, бұзық бағыттан алдын ала сақтандыру ғана емес, сонымен қатар оларға табығаттың берген адамгершілік

рух элементтерін: сүйіспеншілік сезімін, шексіздікті сезінуін дамыту болады. Мұндай кітапшалар балалардың ес-ақылына емес, сезіміне төтеден, тікелей әсер ететіндей болуы керек. Сезім білімнен бұрын пайда болады, ақиқатты сезбеген адам – оны түсінбеген де білмеген адам. Балаларды үш әлем табиғатымен таныстырып, толып жатқан халқы бар бұқпін жер шарын олармен бірге аралап өту керек. Оларға ар алуан мінез-құлықтарды, әдет-ғұрыптарды, ұғымдарды, нанымдарды бар адамзат ұрпақтары мен қоғамдарын көрсету керек. Ал ол үшін балаларға арнап жер үстінде ұшып жүрген көбелекті де сүйіспеншілік тілімен, өмір тілімен сөйлету керек» дейді В.Г.Белинский.

Ал Н.Г.Чернышевский: «Біз кейде балалардың ақыл-ойын дұрыс бағалай білмейміз. Біз бағаның зейіні нашар, ақылды өткір емес деп ойлаймыз; жоқ олай емес, бағаның тек тәжірибесі ғана жоқ, ал ақылды өткір, қиялы жүйрік екеніне сеніміз. Үлкен кісілердің кез-келгеніне ұғындыра алмайтын алгебраның қиын есептерін он екі жасар бала оқып үйренеді той. Ендеше, істі біліп қана қолға алу керек, балалармен тарих туралы да, адамгершілік ілім туралы да сөйлесуге болады» - деген.

Кеңестік балалар әдебиетін социалистік реализм бағытында дамытып, негізін салған М.Г.Горький болатын. Халықтың көкейгесті ой-арманын, тілегін бейнелеген өткен замандардағы мол тәжірибелерін пайдалана отырып, балалар әдебиеті жас өспірімдер мен балдырғандардың ең таңдаулы, ең мақтаулы жана әдебиетіне айналды.

Кеңес балалар әдебиеті теориясын дамыту жайында айтылған М.Г.Горький еңбектерінің социалистік құрылыстар тақырыбына жазылған көркем әдебиеттер өте жоғары бағаланған. Соның ішінде әсіресе, ғылыми-философиялық көркем әдебиеттер мен көрнекті озық адамдардың өмірі жайында жазылған шығармаларға көп көңіл бөлінген.

М.Г.Горький «Тақырып жайында» деген мақаласында балаларға арналған ғылыми көркем әдебиеттерді қалай жазу керектігі жайында біртұтас бағдарлама сызып берген.

М.Г.Горький кеңес балалар әдебиетінің ұлы жазушысы, теоритигі, сыншысы және оның қамқоршысы болды. Оның балалар әдебиеті жайында жазған: «Тақырып жайында», «Ертегілер туралы», «Жауапсыз адамдар туралы», «Біздің тұсымыздағы балалар кітабы туралы» еңбектері ғылымға және балалар әдебиеті жайында жазылған сын еңбектерге енгізген ірі мұра болып қалады.

«Өнер алды қызыл тіл»- деп Абай айтқандай, балалар әдебиетіндегі басты мәселелердің бір түрі – тіл. Балалар жазушысы әдеби тілге шебер

болумен қатар, оған өте ұқыпты қарауға тиіс. Балаларға арналған шығармалардың тілі, ең алдымен, өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, жүйелі түрде қисынды сөйлеуге, әсіресе, ана тілін сүйе білуге баулитын көркем құрал болуға тиісті. Әрбір сөз өз орнында өз қызметін атқара тұрып, бала жанына қозғау салып, сұлу суреттерімен эстетикалық күшті әсер ететіндей болуы керек.

Балаларға арналған өлеңдер ойнақы, жинақты, тілі баланың өз ойындай мәнді де тұнық, қызықты да қарапайым болуы шарт.

Қазан төңкерісінен кейін қазақ балар әдебиеті жөнінде де сыншылар мен зерттеушілер, ғалымдар мен акын-жазушылар және мұғалімдердің ықыласы ерекше болды. Балалар әдебиетінің ерекшеліктері жайында әр кезде әр алуан пікірлер айтылды. Бұл ретте С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, М.Әуезовтің, С.Ерубаевтың, С.Мұқановтардың еңбектерін атап өтуге болады.

С.Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жанылтыпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі тапқандары» деген еңбектерінде бастап аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған. «Жұмбақ айтысу» – хат жазу білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлімше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп беретін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін, сөзді үйіестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған» дейді ол. С.Сейфуллин балалар әдебиетін әрі жинаушы, әрі зерттеуші болды.

І.Жансүгіров 1927 жылы жарық көрген «Өтірік» атты жинаққа жазған алғы сөзінде: «Ел өтірігі үлкендерден гөрі балалардікі, балалар әдебиетіне жатады» – деп түйіндеген.

М.Әуезов «Әр жылдар ойлары», «Ертігілер» деген ғылыми еңбектерінде балалар әдебиетінің арты төркіні халықтық шығармалар екенін дәлелдеді. Бұл жөнінде М.Әуезовті балалар әдебиетінің тарихы туралы нақтылы тұжырым жасаған ғалым деуге болар еді. С.Көбеевтің жасөспірімдерге арналған «Үлгілі бала» атты кітабы жөнінде 1939 жылы С.Мұқанов әсіресе «Жетім» деген өлеңінің қатты әсер еткендігін атап өткен.

2. Балалар әдебиетінің салаларға жіктелуі.

Педагогикалық, психологиялық тұрғыдан алып қаратанда «бала» деп атап жүрген жас жеткіншектердің өз араларында үлкен өзгешеліктер бар. Мысалы, бес жастағы бала мен он жастағы баланың мінезі, ұғымы, дүниеге көзқарасы бірдей еместігі мәлім. Осыған орай балалар әдебиеті өз ішінде

бірнеше салға жіктеледі.

а) Мектеп жасына дейінгі балдырғандар шын мағынасындағы оқырмандар емес, олар тек тыңдаушылар, көрушілер ғана. Оларға арналған шығармалар қысқа да ықшам жазылған суретті кітапшалар түрінде беріледі. Бұл жастағы балаларға арналған әдебиет жанры жағынан көбіне жеңіл сюжетке құрылған шағын шығармалар, хайуанаттар жайында жазылған әңгімелер, белгілі оқиғата не ойын түрлеріне құрылған өлеңдер болып келеді. Бұл жастағы балдырғандарға арналған шығармалардың тақырыбы көбінесе табиғат әлемімен, өзін қоршаған, күнде көріп жүрген оқиғалардан алынады. Тілі жеңіл, сөзі ойнақы келеді. «Бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек» деп бес сәусакты санату, таныту, тағы сол сияқты баланы ойната отырып күлдіру, күлдіре отырып өмірге үйрету жаты көзделген. Шығарманың жатталуы да қиын болмауы тиіс. Мысалы:

Ал, білек, ал білек,
Балбыраған бал білек
Аулың толы мал, білек
Атқа тоқым сал, білек –

деген сияқты ойнақы болып келеді. Оның жатталуы да қиын емес. Бұл жаста өлең сөздері айрықша әсер етеді. Өйткені, бұл жастағы балалар естігенін жаттап алуға әуес.

ә) Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдебиет. Бұл жеті мен он жастың арасын қамтиды. Жүйелі түрде өтілетін мектеп оқуы, мектеп бағдарламалары бұл жастағы балалар үшін жазылатын көркем шығармалардың білім берерлік және тәрбиелік мәнін тереңдете түсуді талап етеді. Балаға қоршаған айналаны, ортаны толығырақ, кеңірек таныту көзделеді.

Бастауыш сынып оқушылары бұл кезде мектеп жасына дейінгі балаларға қаратанда елеуір білімді, тәжірибелі болады. География мен табиғаттанудан алғашқы мәлімет алады. Отанымыздың бастап кешірген доғуірілері жайында мәлімет ала бастайды. Мектеп өміріне тереңірек үйініп, қоғам жұмыстарына тез араласып кетуге ынталанып тұрады. Поэзиялық шығармалар, хайуанаттар жайындағы әңгімелер, ертегілермен қатар, енді киім-таспайып салт ертегілерді оқуға көбірек көңіл бөледі. Әсіресе, Аудармасы мен тазашалар бейнесі, олардың тапқырлығы мен ақыл-айласы, бұл жастағы балаларды тан-тамаша етеді. Қуақы, қызықты етіп жазылған, тапқыр ойна құрылған кітаптарды іздеп жүріп, қолдан қолға тигізбей оқиды. Бұл жастағы балалар үшін өзін қоршаған орта жайлы, табиғат ғажайыптары